

НАО «ҚарУ им. Е.А. Букетова»		ПРОЦЕДУРА КАЧЕСТВА
		Система внутреннего обеспечения качества
ПК-Г-4.4.2	Ревизия №2 от 09.09.2020г. взамен ревизии №1 от 11.06.2018г.	Страница 1 из 16

«БЕКІТЕМІН»

Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің
Басқарма Төрағасы-Ректоры
Н.О. Дулатбеков
2021ж.



«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ
САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІ

Қарағанды, 2021

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	3
2	Негізгі терминдер мен анықтамалар	3
3	Сапаны қамтамасыз ету қағидаттары	4
4	Сапаны қамтамасыз етуге жауапкершілік	5
5	Сапаны ішкі қамтамасыз ету стандарттары	6
	1-стандарт. Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат	6
	2-стандарт. Бағдарламаларды әзірлеу және бекіту	6
	3-стандарт. Студентке бағдарланған оқыту, сабақ беру және бағалау	7
	4-стандарт. Білім алушыларды қабылдау, үлгерімі, тану және сертификаттау	8
	5-стандарт. Оқытушылар құрамы	9
	6-стандарт. Оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйесі	11
	7-стандарт. Ақпаратты басқару	12
	8-стандарт. Жұртшылықты хабардар ету	13
	9-стандарт. Тұрақты мониторинг және бағдарламаларды мерзімді бағалау	14
	10-стандарт . Сапаны мерзімді сыртқы қамтамасыз ету	15
6	Қорытынды ережелер	16

1. Жалпы ережелер

1.1. «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ (бұдан әрі - Университет) сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі жоғары білім берудің еуропалық кеңістігінде (ESG) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің сапасын қамтамасыз ету үшін халықаралық стандарттар мен нұсқаулықтарға негізделген.

1.2. Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі білім беру сапасын арттыру және сапаны үздіксіз жетілдіру мәдениетін дамыту бойынша «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ белгілеген жалпы тәсілдерді, саясатты, қағидаттарды, стандарттар мен негізгі тетіктерді қамтиды.

1.3. Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі басқарудың барлық деңгейлерінде және университеттің барлық бөлімшелерінде сапа мәдениетін қолдауға, дамытуға және тұрақты жетілдіруге бағытталған құралдардың іс-әрекетін көрсетеді.

1.4. Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі Университеттің стратегиялық менеджментінің құрамдас бөлігі болып табылады.

1.5. Сапаны ішкі қамтамасыз ету саясаты мен стандарттары «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-та сапаны ішкі қамтамасыз етудің қисынды құрылған және дәйекті жүйесінің негізі болып табылады.

1.6. Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі келесі мақсаттарға ие:

- Университеттің сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің жалпы құрылымын анықтайды;

- білім беру сапасын қамтамасыз етуге және жетілдіруге ықпал етеді;

- өзара сенімді қолдайды және білім алушылардың оқу нәтижелері мен ұтқырлығын ұлттық білім беру жүйесі шеңберінен тыс тануға жәрдемдеседі;

- Қазақстанның білім беру кеңістігіне және жоғары білімнің Еуропалық кеңістігіне сапаны қамтамасыз ету бойынша ақпарат ұсынады.

1.7. Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі белгіленген тәртіппен іске асырылады, бақыланады және қайта қаралады.

2. Негізгі терминдер мен анықтамалар

2.1. Осы Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінде (бұдан әрі - СІҚЖ) мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

Білім беру сапасы – білім алушының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына, кәсіби стандарттарға және негізгі стейкхолдерлердің қажеттіліктеріне сәйкестік дәрежесін, сондай-ақ білім беру бағдарламасының жоспарланған мақсаттары мен нәтижелеріне қол жеткізу дәрежесін білдіретін білім беру қызметі мен даярлығының кешенді сипаттамасы.

Сапаны қамтамасыз ету – білім беру бағдарламалары мазмұнының, академиялық мүмкіндіктер мен құралдардың белгіленген мақсаттар мен талап етілетін сапа деңгейіне сәйкестігін қамтамасыз ететін белгілі бір жағдайлар жасау және қажетті ресурстарды бөлу процесі.

Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі – бұл білім беру сапасын үнемі жақсарту және сапа мәдениетін дамыту үшін қажет университеттің ұйымдық құрылымының, ішкі құжаттаманың, көрсеткіштердің, процестер мен ресурстардың жиынтығы.

Сапа мәдениеті – бұл университеттің барлық қызметкерлері мен білім алушылары бөлісетін сапаның негізгі қағидаттарын қамтитын ұйымдастырушылық тәртіп. Университеттің сапа мәдениеті мыналарды көздейді:

1) қызметкерлер мен білім алушыларда «білім беру сапасын» бірыңғай интерпретациялауды және білім беру сапасы проблемасына бірыңғай көзқарасты қалыптастыру;

2) әрбір қызметкердің және білім алушының өзіне қатысты білім сапасының қағидаттарын және өз деңгейінде жоғары сапаға қалай қол жеткізуге болатындығын түсінуі;

3) құрылымдық бөлімшелердің жоғары сапаға қол жеткізу жолдарын айқындауы және түсінуі;

4) сапаны басқаруға болатындығын нақты түсіну және осы процестің тетіктерін анықтау.

Сапа мәдениеті академиялық адалдық пен академиялық басымдыққа негізделген.

Стейкхолдер – университет қызметінің нәтижелеріне мүдделі тұлға (немесе тұлғалар тобы). Ішкі стейкхолдерлерге білім беру бағдарламаларының барлық деңгейлері бойынша білім алушылар, профессор-оқытушылар құрамы және жұмыскерлер жатады. Сыртқы стейкхолдерлерге жұмыс берушілер, түлектер, әлеуметтік серіктестер, мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар жатады.

2.2. Осы Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінде мынадай қысқартулар мен белгілер қолданылады:

ENQA	Жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша Еуропалық қауымдастық
ESG	Еуропалық жоғары білім кеңістігінде жоғары білім сапасын қамтамасыз етуге арналған стандарттар мен нұсқаулықтар
GPA	Grade Point Average - барлық оқу кезеңіндегі аттестаттағы немесе дипломдағы бағалардың орташа балы
QS	Жыл сайын жарияланатын Quacquarelli Symonds университеттер рейтингісінің баспагері
МЖМБС	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ҚарУ	Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
БҒМ	Білім және ғылым министрлігі
КЕАҚ	Коммерциялық емес акционерлік қоғам
ҒЗЖ	Ғылыми-зерттеу жұмысы
ББ	Білім беру бағдарламасы
ПОҚ	Профессор-оқытушылар құрамы
ҚР	Қазақстан Республикасы
СІҚЖ	Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
Университет	Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
БҚҚО	Білім алушылар мен қызметкерлерге қызмет көрсету орталығы

3. Сапаны қамтамасыз ету қағидаттары

3.1. Университет ұсынылатын білімнің сапасына және оның қамтамасыз етілуіне жауап береді.

3.2. Сапаны қамтамасыз ету жоғары білім беру жүйелерінің, бағдарламалардың алуан түрлілігін және білім алушыларды қолдайды.

3.3. Сапаны қамтамасыз ету сапа мәдениетін дамытуды қолдайды.

3.4. Сапаны қамтамасыз ету білім алушылардың және қоғамның барлық басқа да мүдделі тараптарының қажеттіліктері мен үміттерін назарға алады.

3.5. Университет сапаны қамтамасыз етудің келесі негізгі қағидаттарын айқындайды:

1) Университеттің қызметі білім беру саласындағы заңнамалық және нормативтік талаптарға, ESG ұсынымдарына сәйкес келеді;

2) сапаны қамтамасыз ету және арттыру Университет жүзеге асыратын барлық білім беру бағдарламаларына қолданылады;

3) Университет басшылығы стратегияның, саясат пен рәсімдердің бірлігін; барлық қызметкерлер мен білім алушыларды, сыртқы стейкхолдерлерді сапаны қамтамасыз ету жөніндегі қызметке тартуды қамтамасыз етеді

4) СІҚЖ білім алушыларға қатысты мүмкіндіктер мен әділдіктер теңдігін қамтамасыз етеді;

5) сапаны қамтамасыз ету академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті, сыбайлас жемқорлық пен кемсітушіліктің кез-келген түріне төзбеушілік қағидатын ілгерілетуге ықпал етеді;

6) сапаны қамтамасыз ету процестер үшін өкілеттіктер мен жауапкершіліктерді нақты бөлуді, сапа және стандарттарды көздейді;

7) сапаны қамтамасыз ету процестік тәсілге және комплаенс-тәуекелге бағдарланған ойлауға негізделген;

8) СІҚЖ деректер мен ақпаратты жан-жақты талдау негізінде маңызды басқару шешімдерін қабылдауды қамтамасыз етеді;

9) Университет басшылығы сапаны қамтамасыз ету және сапа мәдениетін дамыту жүйесін үздіксіз жетілдіру үшін жағдай жасайды;

10) сапаны қамтамасыз ету жүйесін үздіксіз жетілдіру үшін сапаны сыртқы және ішкі бағалау; сапаны қамтамасыз ету саясаты мен стандарттарын ұдайы қайта қарау қолданылады;

11) СІҚЖ мүдделі тараптар үшін ашық және қолжетімді.

4. Сапаны қамтамасыз етуге жауапкершілік

4.1. сапаны қамтамасыз ету университет басшылығының, барлық құрылымдық бөлімшелердің, қызметкерлер мен білім алушылардың ортақ жауапкершілігі болып табылады.

4.2. Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі Ғылыми кеңестің шешімімен бекітіледі.

4.3. Университеттің сапаны ішкі қамтамасыз ету саясаты университетте сапа мәдениетін қалыптастыруға негізделген, соған сәйкес әрбір қызметкер сапаны қамтамасыз ету және дамыту бойынша өзінің міндеттемелері мен жауапкершілігін сезінеді.

4.4. Ректор Университетті жалпы басқаруды жүзеге асырады, оның қызметінің заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкестігі үшін жауапты болады.

4.5. Стратегиялық даму жөніндегі проректор Университеттің стратегиялық даму жоспарын әзірлеуге, сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесін әзірлеуге және оның жұмыс істеуіне, сапаны қамтамасыз ету мәселелерінде жүйелі тәсілді қамтамасыз етуге жауапты болады.

4.6. Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Университеттің оқу және оқу-әдістемелік жұмысын жоспарлауды, ұйымдастыруды және бақылауды қамтамасыз етеді, білім беру бағдарламаларын әзірлеу сапасын арттыруға және білім беру процесін әдістемелік және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету сапасын мониторингілеуге бағытталған жалпы жоғары оқу орындарының іс-шараларын айқындайды және әзірлейді.

4.7. Ғылым және инновациялар жөніндегі проректор ғылыми және инновациялық қызметке жалпы басшылықты жүзеге асырады, Университеттің ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыруға жүйелі көзқарасты қамтамасыз етуге жауапты болады, ғылыми қызмет нәтижелерінің мониторингін және ғылыми зерттеулер, инновациялар, сабақ беру мен оқыту арасындағы тұрақты байланысты қамтамасыз етеді.

4.8. Әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор Университеттің тәрбие жұмысына және әлеуметтік қызметіне басшылықты жүзеге асырады, білім алушылар үшін әлеуметтік жағдайдың сапасын қамтамасыз етуге жауапты болады.

4.9. Профессор-оқытушылар құрамы оқытушылар қызметінің, оқу-әдістемелік құжаттаманың сапасына, оқу процесінің тиісті білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен оқу нәтижелеріне сәйкестігіне жауапты болады.

4.10. Барлық құрылымдық бөлімшелердің басшылары құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер мен лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес бөлімшелер қызметінің мақсаттарға, міндеттер мен функцияларға сәйкестігі сапасын қамтамасыз етуге жауапты болады.

5. Сапаны ішкі қамтамасыз ету стандарттары

1-стандарт. Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат

1. Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат (Сапа саясаты) Университетті басқарудың ажырамас элементі және білім беру қызметін жоспарлаудың негізі болып табылады.

2. Сапа саясаты стейкхолдерлерді кеңінен тарта отырып, сыртқы және ішкі факторларды талдау негізінде мемлекеттің, қоғамның, нақты экономика салаларының, әлеуетті жұмыс берушілердің, білім алушылардың және басқа да мүдделі тұлғалардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында Университеттің миссиясын, пайымын және стратегиялық дамуын іске асыруға бағытталған.

3. Университеттің сапа саясаты сабақ беру, оқыту және зерттеу арасындағы байланысты қамтиды және халықаралық, ұлттық және университетішілік мәнмәтінді ескереді.

4. Білім беру бағдарламаларының мақсаттары Университеттің сапа саясатымен тығыз байланысты, бұл оларды іске асырудың тиімділігін қамтамасыз етеді.

5. Сапа саясаты университеттің барлық бөлімшелерінің қатысуын болжайтын ішкі сапаны қамтамасыз ету процестері мен стандарттары арқылы жүзеге асырылады.

6. Университет ұжымы білім беру саласындағы заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілер; білім беру қызметін тұтынушылардың және басқа да мүдделі тараптардың қанағаттануын талдаудың ағымдағы нәтижелері; ENQA стандарттары мен директивалары негізінде қалыптасатын және кезең-кезеңімен қайта қаралатын сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатты әзірлеуге, талқылауға және қабылдауға тартылған.

7. Сапа саясаты, миссиясы және стратегиясы Университет сайтында жарияланады.

2-стандарт. Бағдарламаларды әзірлеу және бекіту

1. Университет білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту рәсімдерін айқындайды.

2. Білім беру бағдарламалары ішкі және сыртқы стейкхолдерлердің пікірін ескере отырып, ҚР МЖМБС-ға, ұлттық біліктілік шеңберлеріне, Салалық біліктілік шеңберлеріне, Кәсіптік стандарттарға сәйкес мамандар даярлаудың құзыреттілік моделі тұрғысынан әзірленеді.

3. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде университет келесілерді ескереді:

- білім беру бағдарламалары мақсаттарының университеттің стратегиялық даму жоспарына, сапа саясатына сәйкестігі;

- күтілетін оқу нәтижелерінің болуы;

- стейкхолдерлердің бағдарламалар мазмұнын әзірлеуге қатысуы;

- бағдарламалар мазмұнына ішкі және сыртқы сараптамалар жүргізу;

- білім алушылардың академиялық ілгерілеуі, олардың практикалар мен тағылымдамалардан өтуі үшін мүмкіндіктер;

- бағдарламаларды ішкі бекіту рәсімі. Академиялық комитеттің қорытындысы негізінде білім беру бағдарламасы Басқарма отырысында қаралады және бекітуге ұсынылады және оны Ғылыми кеңес бекітеді.

4. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу рәсімі мыналарды қамтиды:
 - кәсіби стандарттың мазмұны және/немесе жұмыс берушілердің талаптарын зерделеу негізінде түлектің құзыреттілік құрамын анықтау;
 - жалпы бағдарламада оқыту нәтижелерін тұжырымдау;
 - студентке бағдарланған оқыту шеңберінде оқу процесін ұйымдастырудың заманауи әдістері мен технологиялары негізінде оқыту стратегиясын айқындау;
 - оқытудың ресурстық жағдайларын бағалау (ПОҚ, кітапханалық қамтамасыз ету, оқу-зертханалық жабдықтар және т.б.), білім беру бағдарламасын іске асыруға қатысуға мүдделі серіктестердің болуы (кәсіптік практика базасы және т.б.);
 - қосымша білім беру бағдарламаларының тізімін анықтау (Minor).
5. Келісу мен бекітудің барлық кезеңдерінен өткеннен кейін білім беру бағдарламасы оқу процесіне енгізіледі.
6. Білім беру бағдарламасының әдістемелік мазмұнына элективті пәндер каталогы, пәндер бойынша силлабустар, практикалар бойынша оқу-әдістемелік әзірлемелер, сондай-ақ анықтамалық-ақпараттық ресурстар кіреді.
7. Білім алушылардың оқу жүктемесі академиялық кредиттерде айқындалады. Оқу пәндері мен академиялық кредиттердің саны оқу жұмыс жоспарларында және жеке оқу жоспарларында көрсетіледі.
8. Білім алушылардың оқу жүктемесі аудиториялық сабақтарды және білім алушылардың өзіндік жұмысын, аралық аттестаттауды дайындауды және тапсыруды қамтиды.
9. Білім беру бағдарламасын игеру нәтижесінде алынған біліктілік жоғары білім берудегі Ұлттық біліктілік шеңберінің деңгейіне, тиісінше, еуропалық жоғары білім кеңістігіндегі біліктілік шеңберіне сәйкес нақты анықталған:
 - біліктілік деңгейі 6 – бакалавриат;
 - біліктілік деңгейі 7 – магистратура;
 - біліктілік деңгейі 8 – PhD докторантура.
10. Университет Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес дәреже береді.

3-стандарт. Студентке бағдарланған оқыту, сабақ беру және бағалау

1. Университет білім беру бағдарламаларына студентке бағдарланған оқыту, сабақ беру және бағалау процестерін енгізеді:
 - оқытудың икемді траекторияларын әзірлеуді қамтамасыз етеді;
 - білім алушылардың оқу процесіне ынтасын және қатысуын арттыру үшін жағдай жасайды;
 - оқыту нәтижелерін бағалаудың объективтілігін қамтамасыз етеді.
2. Университет білім алушылардың автономиясын дамыту үшін келесідей жағдайлар жасайды:
 - білім алушылар үшін түсінікті мақсаттар мен күтілетін оқу нәтижелерін қалыптастыру;
 - оқытудың белсенді әдістерін енгізу;
 - жеке тұлғаға бағытталған тәсілді дамыту;
 - оқытудың жеке траекториясын қалыптастыру;
 - білім алушыларды білім беру бағдарламаларын әзірлеуге тарту;
 - білім алушылардың өзіндік жұмысының рөлін күшейту;
 - оқытуда зерттеу тәсілін қолдану;
 - білім алушылар мен оқытушылар арасында өзара құрметті қалыптастыру;
 - білім алушылардың шағымдарын қарау үшін рәсімдер жасау;
 - студенттік өзін-өзі басқару рөлін күшейту;
 - оқуға қолайлы жағдай жасау.

3. Университет білім алушының жеке білім траекториясын таңдауы үшін жағдай жасайды, оған мыналар кіреді:

- таңдау компоненті пәндерін, оқытушыларды және оқыту технологияларын таңдау мүмкіндігі;

- таңдау пәндеріне электронды тіркелу;

- жеке оқу жоспарын құру;

- пәндерді қайта оқу, оқытудың қосымша түрлерін меңгеру үшін жазғы семестрді ұйымдастыру;

- басқа білім беру ұйымдарында, оның ішінде шетелде жекелеген пәндерді оқу үшін академиялық ұтқырлық бағдарламаларын ұйымдастыру.

4. Университет білім алушылардың өздік жұмысын ынталандыру механизмдерін төмендегілер есебінен қолданады:

- өзіндік жұмысқа сағат көлемін ұлғайту;

- білімді игерудің белсенді әдістеріне бағдарлану;

- білім алушылардың шығармашылық қызметке, оқу пәндері бойынша олимпиадаларға, ғылыми-зерттеу немесе қолданбалы жұмыстар конкурстарына қатысуы үшін жағдай жасау;

- білімді бағалаудың рейтингтік жүйесін қолдану;

- оқудағы және шығармашылық қызметтегі жетістіктері үшін көтермелеу.

5. Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалаудың объективтілігі мынадай тетіктер есебінен қамтамасыз етіледі:

- бағалау материалдарын алдын ала ішкі сараптамадан өткізу;

- қорытынды аттестаттауды қабылдау үшін компьютерлік тестілеу нысанында немесе жазбаша нысанда тартылатын тәуелсіз емтихан алушылардың практикалары;

- бітіру жұмыстарын комиссиялық бағалау практикалары;

- бақылау рәсімі аяқталғаннан кейін бағаларды тіркеудің және нәтижелер туралы хабарлаудың автоматтандырылған жүйелерін қолдану;

- академиялық үлгерім мәселелері бойынша оқытушылар мен білім алушылар арасында кері байланыстың болуы;

- апелляция рәсімдері, сондай-ақ дәлелді себептер болған жағдайда бақылаудан өту және емтихан сессиясын ұзартудың қосымша мүмкіндіктері.

6. Университет проблемалық дәріс, кейс әдісі, мәселені шешу әдісі, жобалар әдісі сияқты оқытудың заманауи және тиімді әдістерін қолдануға жағдай жасайды.

7. Университет студенттік ортада корпоративтік мінез-құлық қағидаттарын, әдеп нормаларын, сыбайлас жемқорлық көріністеріне толеранттылық пен төзбеушілікке негізделген адамгершілік құндылықтарды насихаттайды. Білім алушыларға танысу үшін Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ-дың Корпоративтік әдеп кодексі ұсынылады.

8. Университет деканат, әдеп жөніндегі кеңес, академиялық мәселелер жөніндегі проректор, әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, ректор деңгейінде білім алушылардың шағымдарын қарау жүйесінің болуын қамтамасыз етеді. Университет сайты ректордың және проректорлардың блогтары орналасқан кері байланыстың автоматтандырылған жүйелерімен қамтамасыз етілген.

4-стандарт. Білім алушыларды қабылдау, үлгерімі, тану және сертификаттау

1. Университет білім алушыларды қабылдау және бітіртіп шығару, оқыту нәтижелеріне мониторинг жүргізу, жоғары білім дәрежелерін, оқу кезеңдерін, алдыңғы білім беруді, бейресми оқытуды объективті тану рәсімдерін айқындайды және дәйекті түрде қолданады.

2. Университетке қабылдау Қазақстан Республикасының Білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес әзірленген Е.А. Бөкетов атындағы Қару-ға қабылдау ережелері негізінде жүзеге асырылады.

3. Қабылдау рәсімі туралы ақпарат Университет сайтында орналастырылады.

4. Университет қабылданған білім алушыларды академиялық кезеңнің басында деканмен, әкімшілік сала қызметкерлерімен кездесулер шеңберінде білім беру бағдарламасымен, оқыту шарттарымен таныстыруды қамтамасыз етеді.

5. Университет кәсіптік бағдарлау жұмысын, оқуға қабылдауды, оқу процесін, білім алушылардың білімін бағалауды, оқу процесінің сапасын бақылауды, кәсіптік практиканы, түлектерді жұмысқа орналастыруды қоса алғанда, білім беру процесінің барлық негізгі кезеңдерін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды әзірлейді және іске асырады. Ішкі құжаттар қатарында қашықтықтан оқыту технологиялары бойынша оқытуды ұйымдастыру туралы регламенттер, сондай-ақ төтенше жағдайлар кезінде оқыту процесін online режимге көшіру тәртібі бар.

6. Ішкі нормативтік құжаттармен регламенттелген білім алушылардың академиялық жетістіктеріне талдау жүргізу шеңберінде ағымдағы үлгерім нәтижелерін, аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелерін жинау және мониторингтеу, GPA деңгейі бойынша саралау жүзеге асырылады. Талдау нәтижелері университеттің алқалық органдарының отырысында қаралады және оқыту сапасын жақсарту жөніндегі түзету іс-шараларын әзірлеу үшін негіз болып табылады.

7. Пәндік талдауға жұмысқа орналастыру нәтижелері, түлектердің мансаптық өсуі, білім алушылар мен жұмыс берушілердің білім сапасына қанағаттану дәрежесі туралы ақпарат жатады. Талдау нәтижелері университет басшылығына есептер, баяндамалар форматында жеткізіледі.

8. Бейресми білім беруді тануды қоса алғанда, үздіксіз білім беру жүйесі шеңберінде жоғары білім берудің, оқыту кезеңдерінің және алдыңғы білім берудің біліктіліктерін объективті тануға кепілдік беру үшін Университет:

- Тану туралы Лиссабон конвенциясының іс-қимыл сәйкестігін қамтамасыз етеді;

- Қазақстан Республикасында тану және нострификациялау рәсімі бойынша атқарушы орган болып табылатын ҚР БҒМ Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығымен ынтымақтастық жасасады.

9. Бейресми білім берудің әртүрлі нысандары, оның ішінде жаппай онлайн курстар арқылы алынған білімді, дағдылар мен құзыреттерді тану тетіктері ресми және бейресми білім берудің оқыту нәтижелерін танудың ішкі қағидаларымен регламенттеледі.

10. Білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған білім алушыларға тиісті дәреже беріледі және қосымшасымен (транскрипт) жеке үлгідегі диплом беріледі.

5-стандарт. Оқытушылар құрамы

1. Оқытушы сапалы оқытуды қамтамасыз етуде және білім алушылардың білімді, білікті, дағдыларды және құзыреттерді игеруінде негізгі тұлға болып табылады. Университет меритократия қағидатына сәйкес барлық қызметкерлерді жұмысқа қабылдаудың, олардың кәсіби өсуі мен дамуының ашық рәсімдерін айқындайды, жариялайды және қолданады.

2. Университет өз қызметкерлерінің сапасына және олардың тиімді жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдайлар жасауға негізгі жауапкершілікті алады.

3. Университет ПОҚ және қызметкерлерді дамыту мақсатында кадрлық әлеуетті, Университеттің миссиясы мен стратегиясын ескере отырып, сыртқы ортаның өзгерістеріне жедел ден қоюға қабілетті, сондай-ақ персоналмен жұмыс саласындағы үздік тәжірибені ескере отырып, кадрлық басқарудың тәсілдерін, әдістері мен құралдарын біріктіретін және персоналды басқару саласында университеттің құндылықтарының

бірыңғай тәсілі мен жүйесін қалыптастыратын құзыретті және жоғары білікті ұжымды сақтауға және дамытуға бағытталған «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың кадр саясатын әзірлеуді қамтамасыз етеді. Оқытушылардың әлеуетін дамыту бойынша университет қызметі студентке бағдарланған оқытуға көшуге сәйкес оның рөлін өзгертуге бағытталған.

4. Университет Кадрлық саясаттың келесі негізгі қағидаттарын айқындайды:

- кешенділік - персоналды басқару қызметінің барлық салаларын қамту;
- жүйелілік - саясаттың барлық құрамдас элементтерін өзара байланыста қарастыру;
- негізділік - экономикалық және әлеуметтік әсерді барынша қамтамасыз ете алатын персоналды басқару саласындағы заманауи ғылыми әзірлемелерді пайдалану;
- тиімділік - персоналды басқару саласындағы іс-шараларға жұмсалған шығындар нәтижелермен өтелуі тиіс;
- ашықтық - басқару процесінің барлық кезеңдеріндегі ашықтық;
- меритократия - әлеуметтік шығу тегі мен қаржылық жетістігіне қарамастан, басшылық лауазымдарды ең қабілетті адамдар иеленуі керек деген идеяны ұстанатын басқару қағидаты.

5. Сабақ берудің маңыздылығын мойындай отырып, Университет қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, лауазымға тағайындау, бос лауазымдарға орналастыру, қызмет бойынша жоғарылату, жұмыстан шығару сияқты айқын, ашық және объективті критерийлерді әзірлейді және меритократия қағидатына сәйкес өз қызметінде басшылыққа алады.

6. Академиялық кадрларға сапалық және сандық қажеттілік білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарымен айқындалады.

7. Университет өз бетінше Қазақстан Республикасының заңнамасына, білім беру саласының Салалық біліктілік шеңберіне сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамаларын дербес айқындайды, «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ профессор-оқытушылар құрамының, ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарына конкурстық орналасу қағидаларын әзірлейді және бекітеді.

8. Профессор-оқытушылар құрамын қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылады. Конкурс өткізу және профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің бос лауазымының болуы туралы ақпарат құжаттарды қабылдау аяқталатын күнге дейін кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын өңірлік мерзімді баспасөз басылымдарында және университеттің ресми сайтында орналастырылады. Ақпарат бос лауазымның атауын және тәжірибе мен біліктілікке қойылатын талаптарды қамтиды.

9. Бос лауазымдарға өтінімдерді қарауды әкімшілік-басқару персоналы мен профессор-оқытушылар құрамы қатарынан құрылған конкурстық комиссия жүргізеді. Конкурстық комиссия жұмысының нәтижелері негізінде конкурс қорытындылары бойынша шешім шығарылады.

10. Университет біліктілікті арттыру жоспарын жыл сайын әзірлеуді және іске асыруды қамтамасыз ете отырып, профессор-оқытушылар құрамының мансаптық өсуі мен кәсіби дамуына мүмкіндік береді. Университет ПОҚ үшін бес жылда бір рет міндетті біліктілікті арттыруды қамтамасыз етеді.

11. Білім беру мен ғылыми зерттеулер арасындағы байланысты нығайту үшін университет академиялық құрамның ғылыми қызметін келесідей жолдармен көтермелейді:

- 1) ғылыми мектептер мен ұжымдар құру және олардың жұмыс істеуі;
- 2) ғылыми қызметті ынталандыру жүйесін енгізу және ғылыми оқиғалар туралы үнемі хабардар ету;
- 3) ғылыми зерттеулер нәтижелерін коммерцияландыруға көмек көрсету;

4) халықаралық ғылыми базаларды, электрондық ғылыми журналдарды пайдалану мүмкіндігін беру;

5) ғылыми алаңдарда ғылыми ұстанымдарын білдіруге, оның ішінде ғылыми конференциялар мен конкурстарға қатысуға, журналдардағы жарияланымдарға көмек көрсету;

6) ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелілігін жоспарлау және мониторингілеу.

12. Университет сабақ өткізудің инновациялық әдістерін енгізу және оқытудың озық технологияларын пайдалану үшін келесідей жағдайларды жасайды:

1) қазақстандық және шетелдік ұйымдарда инновациялық әдістер мен технологиялар саласында оқытушылардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;

2) семинарлар мен шеберлік сыныптары шеңберінде жаңа әдістер мен технологияларды енгізу тәжірибесін тарату;

3) оқу процесін заманауи жабдықтармен және бағдарламалық қамтамасыз етумен жабдықтау;

4) ПОҚ бағалаудың рейтингтік жүйесіне инновациялық әдістер мен технологияларды енгізу көрсеткіштерін кіргізу;

5) инновацияларды қолданудың және оқытудың белсенді әдістерін пайдаланудың нәтижелілігі мен тиімділігін мониторингілеу.

13. Профессор-оқытушылар құрамының сапалық деңгейін арттыру, қазіргі заманғы талаптарға сәйкес білім беру процесінің бәсекеге қабілеттілігін күшейту мақсатында Университет Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы шеңберінде шет елдерде оқудан өткен жас мамандарды жұмысқа тартады. «Болашақ» бағдарламасының түлектерін ынталандыру мен ұмтылысын арттыру Университетте әзірленген «Болашақ» халықаралық бағдарламасы аясында шетелде оқыған жас мамандарды университетте жұмысқа тарту туралы ережемен» қамтамасыз етіледі.

6-стандарт. Оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйесі

1. Университет білім беру қызметін жүзеге асыру үшін қажетті ресурстар мен білім алушыларды қолдау қызметтерінің болуын қамтамасыз етеді.

2. Оқу ресурстарын жоспарлау, бөлу және қамтамасыз ету кезінде Университет студенттердің әртүрлі топтарының қажеттіліктерін ескереді.

3. Университет инфрақұрылымы бірыңғай кешен болып табылады және оқу аудиторияларымен, зертханалармен, мамандандырылған сыныптармен, спорт және тренажер залдарымен, жатақханалармен, денсаулық сақтау пункттерімен, асханалармен, студенттер сарайымен жабдықталған оқу корпустарын қамтиды.

4. Білім алушыларға академиялық қолдауды: қабылдау комиссиясы, білім алушылармен жұмыс жөніндегі қызмет, тіркеуші кеңсе, мансап бөлімі, практика бөлімі, халықаралық ынтымақтастық басқармасы, ғылыми кітапхана қамтамасыз етеді.

5. Білім алушыларды әлеуметтік қолдауды әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі департамент қамтамасыз етеді.

6. Университет білім алушылардың ақпараттық білім беру ресурстарына, оның ішінде ресми сайтқа, интерактивті порталдарға, БҚҚКО-ға, ғылыми кітапхана қорларына, электрондық кітапхана базасына тұрақты қол жеткізуін қамтамасыз етеді. Ғылыми кітапхананың кітап қоры қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі оқу, әдістемелік және ғылыми әдебиеттерді, сондай-ақ шетелдік және отандық мерзімді басылымдарды қамтиды. Электрондық кітапханада пәндерді оқу, ҒЗЖ жүргізу үшін қажетті цифрландырылған оқу және ғылыми дереккөздер бар. Электронды кітапханаға қолжетімділік тәулік бойы қамтамасыз етіледі.

7. Университет білім алушылар мен оқытушылардың орналасқан жерінің кез келген нүктесінен және тәуліктің кез келген уақытында қашықтықтан оқыту үшін интерактивті порталға кіруін қамтамасыз етеді. Порталда академиялық күнтізбе, сабақ кестесі, оқу-әдістемелік материалдар, хабарландырулар орналастырылған.

8. Университет студенттік өзін-өзі басқаруды белсенді қолдайды және оның төмендегідей негізгі мақсаттарын анықтай отырып, дамуына ықпал етеді:

- студенттерді оқытудың өзекті мәселелеріне қатысты мәселелерді шешуге көмек көрсету;

- студент жастардың ғылыми әлеуетін дамытуға ықпал ету;

- Университет имиджін көтеру;

- студенттік ортада салауатты өмір салтын насихаттау;

- студенттердің бос уақытын ұйымдастыру;

- студенттердің шығармашылық әлеуетін дамыту;

- студенттердің Университет өміріне белсенді қатысуын қамтамасыз ету.

9. Университет басқа қаладан келген білім алушыларды студенттер үйлерінде орындармен қамтамасыз етеді. Орналастыру белгіленген санитарлық нормаларды сақтай отырып, студенттер үйінде тұру ережелеріне сәйкес жүргізіледі. Университет ұсынатын жатақханалар студенттердің тұрмысын ұйымдастыру және білім алушылардың жан-жақты дамуы үшін барлық қажетті әлеуметтік инфрақұрылымдармен жабдықталған. Студенттер үйінен орын алуға өтінім БҚҚКО интерактивті платформасы арқылы online режимде беріледі.

10. Университет басымдықтарының бірі салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру және нығайту болып табылады. Университет студенттер спортының дамуына жағдай жасайды: тегін негізде спорттық-сауықтыру секциялары, спорт және тренажер залдары жұмыс істейді. Спорттық іс-шаралар ұйымдастырылады. Университет білім алушы-спортшылардың халықаралық, республикалық, облыстық спорттық жарыстарға қатысуына қолдау көрсетеді.

11. Университет студенттер мен қызметкерлерге медициналық қызмет көрсетеді. Денсаулық сақтау пункті дәрігерге дейінгі көмек, шұғыл көмек көрсету және санитарлық-ағартушылық сипаттағы жұмыстарды жүргізеді.

7-стандарт. Ақпаратты басқару

1. Сенімді ақпарат шешім қабылдау кезінде қажетті шарт болып табылады. Университет қызметтің барлық бағыттары бойынша өз бағдарламалары мен процестерін тиімді басқару үшін тиісті ақпаратты жинау, талдау және пайдалану рәсімдерін айқындайды.

2. Университет ақпараттың өлшенуін, дұрыстығын, дәлдігін, уақтылығын және толықтығын қамтамасыз етеді және деректерге негізделген шешім қабылдауды жүзеге асырады.

3. Университет қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалық құралдар негізінде ақпаратты жинау, талдау және басқару жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

4. Университет білім алушыларды, қызметкерлерді және ПОҚ-ты ақпаратты жинау және талдау процестеріне, сондай-ақ олардың негізінде шешімдер қабылдауға тартуды жүзеге асырады.

5. Университеттің сыртқы және ішкі ортасын жан-жақты талдау білім беруді дамытудың жаһандық тенденциялары мен сыртқы сын-қатерлерді талдауды, тұтынушылар мен бәсекелестердің негізгі топтарын зерттеуді, еңбек нарығы мен білім беру қызметтерінің ерекшеліктерін анықтауды, университеттің ағымдағы жағдайын, оның күшті және әлсіз жақтарын, ішкі және сыртқы тәуекелдерді талдауды қамтиды.

6. Негізгі мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен күтулері білім беру саласындағы сыртқы нормативтік құжаттаманы, бірлескен іс-шараларды (практика, тағылымдама, семинарлар, кездесулер, бірлескен жобалар және т.б.) өткізу кезіндегі кері байланыс нәтижелерін, сауалнама нәтижелерін талдау арқылы айқындалады.

7. Университет басшылығы сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін жақсарту үшін өңделген, барабар ақпаратты жүйелі пайдалануды жүзеге асырады.

8. СІҚЖ ББ шеңберінде ПОҚ, персонал және білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесін өлшеуді қамтамасыз етеді және анықталған кемшіліктерді жоюдың дәлелдерін көрсетеді.

9. Университет басқарудың әртүрлі деңгейлері, құрылымдық бөлімшелер, ПОҚ және білім алушылар арасында білім беру сапасын қамтамасыз етуге байланысты аспектілер бойынша тиісті ақпарат алмасу процестерін қолдануды қамтамасыз етеді. Мұндай процестерге сайтты және оның ақпараттық жүйелерін сақтау, электрондық поштаның жұмыс істеуі, жеке кабинеттерде ақпарат беру және т.б. жатады.

10. Ақпаратты талдау барысында қабылданған шешімдер стратегиялық құжаттарда, құрылымдық бөлімшелер мен алқалы органдар отырыстарының хаттамаларында, сондай-ақ қызмет бағыттары бойынша іс-шаралар жоспарларында тіркеледі.

11. Жиналатын ақпараттың құрылымы мен көлемі, көздері, кезеңділігі, уақыт аралығы, дұрыстығы мен уақтылығы үшін жауапты адамдар ішкі нормативтік құжаттамамен айқындалады.

12. Ақпараттың сақталуы пайдаланылатын ақпараттық жүйелерде функциялардың бөлінуімен, вирусқа қарсы бағдарламалардың болуымен, серверлерді жүйелік әкімшілендірумен, серверлердегі резервтік көшіру жүйесімен, жеке тұлғалардың серверлері бар үй-жайға қол жеткізуін шектеумен, жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін серверлері бар үй-жайларды техникалық жарақтандырумен қамтамасыз етіледі.

13. Процестердің жай-күйі туралы ақпаратты жинау және талдау сапаны қамтамасыз ету жүйесінің нормативтік құжаттар мен тиісті стандарттардың талаптарына сәйкестігін белгілеу; сапаны қамтамасыз ету жүйесінің нәтижелілігін айқындау, жұмыс жағдайында ұстау және жетілдіру үшін жоспарланған уақыт аралықтары арқылы ішкі аудит шеңберінде жүргізіледі.

8-стандарт. Жұртшылықты хабардар ету

1. Университеттің ақпараттық саясатын жүзеге асыруды Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ-дың баспасөз қызметі қамтамасыз етеді. Оның функциясына ақпараттың толықтығы мен жеделдігін қамтамасыз ету, қолда бар ақпаратты дамыту және жаңа ақпарат құралдарын іздеу, сондай-ақ ақпараттық қызметті түзету мақсатындағы БАҚ мониторингі кіреді.

2. Университеттің баспасөз қызметі тұрақты түрде өз қызметі туралы ақпаратты жариялайды. Жұртшылыққа ұсынылатын ақпарат анық, дәл, объективті, өзекті және қолжетімді болып табылады.

3. Қоғамды ақпараттандыру келесі мақсаттарды көздейді:

1) бұқаралық ақпарат құралдарында Университеттің маңызды оқиғалары мен жетістіктері туралы жаңалықтардың тұрақты ақпараттық ағынын қамтамасыз ету;

2) Университет ғалымдарының жаңа бағдарламалары мен инновациялық әзірлемелеріне әлеуетті тұтынушылардың қызығушылығын арттыру;

3) елдің ұлттық даму бағдарламаларын және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін қолдау және түсіндіру.

4. Университет өзінің қызметі туралы жұртшылықты buketov.edu.kz, jastar.ksu.kz ресми сайты; әлеуметтік желілер арқылы хабардар етуді қамтамасыз етеді. Жоғары

оқуорнының ресми сайтында Фейсбукт, в контактеде, Инстаграме, Твитере, Ютубе-дегі университеттің ресми парақшаларына сілтемелер бар.

5. Университеттің ресми сайтында жоғары оқу орнының негізгі құрылымдық бөлімшелері (факультеттер, кафедралар, білім алушыларды қолдау және кеңес беру қызметтері, жоғары оқу орнының басқа да бөлімдері) туралы толық ақпарат ұсынылған.

6. Сайттың ақпараттық ресурсы ашық әрі жалпыға қолжетімді. Жоғары оқу орнының қызметі туралы ақпарат түлектер, студенттер, ПОК, басқа да мүдделі тараптар және жалпы жұртшылық үшін пайдалы.

7. Университеттің ресми сайты келесі ақпаратты қамтиды: жоғары оқу орны туралы жалпы ақпарат, оның тарихы; университеттің миссиясы, мақсаттары мен міндеттері; лицензиялар, мамандықтар тізімі, байланыстар; жоғары оқу орны құрылымының сипаттамалары және оның қызметін регламенттейтін негізгі құжаттар; жоғары оқу орны инфрақұрылымының сипаттамасы (оқу корпустарының мекен-жайы мен сипаттамалары, автобустардың қозғалу бағыты және т.б.); талапкерлерге арналған ақпарат (құжаттарды қабылдау мерзімі мен тәртібі, оқуға түсу шарттары, қабылдау комиссиясының жұмыс тәртібі); оқу процесін ұйымдастыру бойынша материалдар; университеттің ғылыми және инновациялық қызметі, халықаралық байланыстары туралы материалдар; электрондық-кітапханалық ресурстар; серіктестер мен жобалар туралы ақпарат; түлектердің табысқа жету тарихы; ішкі ақпараттық ресурстарға, жаңалықтар архивін қоса алғанда жаңалықтар блогына сілтемелер, фото және бейнеесептер.

8. Университеттің ақпараттық жүйелері білім алушыларға оқу-ұйымдастыру және білім беру контентін ұсынады: академиялық күнтізбе, сабақтар мен сессиялардың кестесі, білім беру бағдарламалары, элективті пәндер каталогтары, оқу тапсырмалары мен жобаларын ресімдеуге және орындауға қойылатын талаптар (СӨЖ, курстық және дипломдық жұмыстар, есептер және т. б.), білім алушыларды бағалау өлшемшарттары, қорытынды аттестаттауды өткізу қағидалары; ішкі қағидалар мен талаптар, оның ішінде сабақтарда өзін-өзі ұстау, емтихандарды тапсыру қағидалары және т.б.; университет базасында өткізілетін іс-шаралар туралы хабарландырулар; конкурстарға қатысу, университеттің жеңілдіктері мен гранттарын алу шарттары; қосымша қызметтер (жатақхана, байланыс және т.б.) туралы мәліметтер.

9. Сайттағы ақпарат Университеттің ақпараттық жүйелерінен біріктіріледі, нақты уақыт режимінде жаңартылады және пайдаланушылар тобына: талапкерлерге, білім алушыларға, академиялық құрамға, әкімшілік-басқару персоналына бағдарланған.

10. Ақпараттық саясат университет ректорының қоғам алдындағы: студенттер, ата-аналар, жұмыс берушілер, әлеуметтік серіктестер және басқа да мүдделі тұлғаларға бағытталған қызмет нәтижелері туралы жыл сайынғы есебін қамтиды.

9-стандарт. Тұрақты мониторинг және бағдарламаларды мерзімді бағалау

1. Университет өзінің білім беру бағдарламаларының тиімді іске асырылуын қамтамасыз ету және студенттер үшін қолайлы оқу ортасын құру үшін олардың рәсімдерін айқындайды және оларға тұрақты мониторинг пен мерзімді бағалауды жүзеге асырады.

2. Университет білім алушыларды, жұмыс берушілерді және басқа да мүдделі тараптарды білім беру бағдарламаларын бағалау және қайта қарау процесіне тартуды қамтамасыз етеді.

3. Университет осы процестердің нәтижелерін бағдарламаларды үнемі жетілдіру үшін пайдаланады.

4. Университет білім беру бағдарламаларын үздіксіз мониторингілеу және мерзімді бағалау нәтижелерінің уақтылы жариялануын қамтамасыз етеді.

5. Университет бағдарламалық (мамандандырылған) аккредиттеу стандарттарына сәйкес білім беру бағдарламаларының сапасын сыртқы қамтамасыз ету (аккредиттеу) рәсімінен тұрақты түрде өтеді.

6. Білім беру бағдарламаларын талдау және қайта қарау мониторингінің процестері:

- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жаңа мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту;

- Ұлттық біліктілік шеңберіне, Салалық біліктілік шеңберіне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу;

- жұмыс берушілердің бірлескен жұмыс және/немесе сауалнама нәтижелері бойынша қалыптастырылған ұсыныстары;

- білім алушыларды қорытынды аттестаттау бойынша аттестаттау комиссиясының ұсынымдары;

- университет ПОҚ сабақ беру практикасын зерттеу нәтижелері негізінде жүзеге асырылады.

7. Білім беру бағдарламаларын жетілдіру келесі рәсімдерді қамтиды:

- университеттің Білім беру сапасын қамтамасыз ету және тәуекелдерді бағалау департаменті, Оқу-әдістемелік кеңесі, Ғылыми кеңесі деңгейінде білім беру бағдарламалары мен курстар бағдарламаларының мазмұнын жыл сайын сараптау;

- білім беру бағдарламаларын жыл сайын талқылау және талдау, стейкхолдерлерді тарта отырып, элективті пәндер каталогын өзгерту және кеңейту;

- Академиялық жұмыс жөніндегі департамент және Сапаны қамтамасыз ету және тәуекелдерді бағалау департаменті деңгейінде білім беру бағдарламасын жүзеге асыру процесінің мониторингі.

8. Мүдделі стейкхолдерлердің ұсынымдары бойынша білім беру бағдарламаларын бағалау және қайта қарау:

- білім алушылардың әрбір академиялық кезеңнен кейін білім беру бағдарламасын жүзеге асыруға тартылған ПОҚ педагогикалық қызметін бағалауы;

- жұмыс берушілердің түлектерді даярлау сапасы бойынша сауалнамасы (үш жылда бір рет);

- әр шығарудан кейін білім беру бағдарламасының сапасы, пәндердің өзектілігі және олардың мазмұны туралы түлектердің сауалнамасы;

- жыл сайын жұмысқа орналастыру нәтижелерін жинау және талдау, түлектердің мансаптық өсуін талдау;

- ашық сабақтар және ПОҚ-тың өзара қатысуы негізінде жүзеге асырылады.

9. Білім алушылардың оқу жетістіктерін жинау, талдау және бағалау аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша жүзеге асырылады, одан әрі нәтижелері алқалы органдардың отырысында қаралады.

10. Білім алушыларды бағалау рәсімдерінің тиімділігін талдау:

- бағалау критерийлерінің пәнді оқытудың күтілетін нәтижелеріне сәйкестігін;

- бағалау құралдарының анықтылық, ашықтық, сенімділік, инклюзивтілік, шынайылық қағидаттарына сәйкестігін;

- аралық және қорытынды бағалау нәтижелері бойынша кері байланыстың болуын анықтау арқылы жүзеге асырылады.

11. Білім беру бағдарламаларын мониторингілеу, бағалау және жетілдіру процесі декандардың, білім беру бағдарламаларын үйлестірушілердің жауапкершілігіне кіреді және сапаны қамтамасыз ету және тәуекелдерді бағалау департаменті тарапынан бақыланады.

12. Алқалы органдардың шешімдері, білім беру бағдарламаларын талдау және жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарлары, іс-шаралар хаттамалары, алқалы органдардың шешімдері негізінде жаңартылған әдістемелік қамтамасыз ету, сапаны қамтамасыз ету және тәуекелдерді бағалау департаментінің білім беру бағдарламалары

мен курстардың оқу бағдарламаларын мониторингілеу және бағалау нәтижелері туралы баяндамасы білім беру бағдарламалары өзгерістерінің құжаттық куәліктері болып табылады.

10-стандарт . Сапаны мерзімді сыртқы қамтамасыз ету

1. Университет сапаны сыртқы қамтамасыз ету рәсімдеріне үнемі қатысады. Университет жұртшылықты сыртқы бағалау нәтижелері туралы хабардар етуге кепілдік береді және олардың білім беру бағдарламалары мен барлық қызмет түрлерін жетілдіру үшін пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

2. Университет сапаны сыртқы қамтамасыз етудің келесі рәсімдеріне тұрақты қатысады:

- 1) институционалдық аккредиттеу;
- 2) бағдарламалық (мамандандырылған) аккредиттеу;
- 3) Жоғары оқу орындарының институционалдық рейтингісі;
- 4) білім беру бағдарламаларының рейтингісі.

3. Университет қызметінің тиімділігі оның QS әлемдік рейтингтерінде ұсынылуымен расталады.

4. Сапаны қамтамасыз етудің сыртқы рәсімдері Университет ішіндегі сапаны қамтамасыз ету процестерінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Олар жаңа мүмкіндіктерді дамыту мен іске асырудың катализаторлары болып табылады.

5. Сапаны сыртқы қамтамасыз етудің әрбір рәсімі аяқталғаннан кейін Университет сапаны қамтамасыз етудің үздіксіз процесін қолдай отырып, қызметті жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді және іске асырады.

6. Университет сыртқы сапаны қамтамасыз етудің соңғы рәсімінен бастап қол жеткізілген прогресті келесі процедураға дайындық кезінде ескеруге тырысады.

7. Университет білім беру бағдарламаларын, оның ішінде халықаралық деңгейде аккредиттеу рәсімдерін тұрақты түрде жүзеге асырады.

8. Сапаны сыртқы қамтамасыз ету рәсімдерінің нәтижелері университеттің ресми сайтында орналастырылады.

6. Қорытынды ережелер

6.1. Осы сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі Университеттің Директорлар кеңесі бекіткеннен кейін күшіне енеді.

6.2. Осы сапаны ішкі қамтамасыз етудің жүйесін бақылау және іске асыру жауапкершілігі Университет Басқармасына жүктеледі.

6.3. Сапаны қамтамасыз ету және тәуекелдерді бағалау департаменті мониторингті жүзеге асырады және осы Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің қолданылу мерзімі ішінде оған өзгерістер енгізу қажеттілігін айқындайды.